

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 1 беті

0«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы
Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы «Ауыз қуысының хирургиясы -1»
Білім беру бағдарламасы «6B10103- «Стоматология»

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат:		
1.1	Пәннің коды: АҚН 4304-1	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: Ауыз қуысының хирургиясы -1	1.7	Курсы: 4
1.3	Реквизит дейінгі: Баспен мойынның клиникалық анатомиясы.	1.8	Семестрі: 7
1.4	Реквизит кейінгі: Ауыз қуысының хирургиясы -2	1.9	Кредит саны (ECTS): 5 /150
1.5	Цикл: КП	1.10	Компонент: ЖООК
2.	Пәннің сипаттамасы		
Жақ сүйек тіндеріне операция жасау. Ауыз қуысына өзгерістерді жоюға бағытталған ,жақ сүйектің тіндерінде; жұмсақ тіндерде-шырышты қабықтар, сүйекүсті, жаққа бекітілген немесе басталатын бұлшықет байламдарда, үшкіл нервтің шеткі бұтақтарында операция алдындағы араласулар және оларды зерделеу . Жұлынған тістің альвеоласында пластика. Альвеоланың қарапайым пластикасы.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша√	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОСКЭ / ОСКЭ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау _√	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Хирургиялық тәжірибеде науқасты тексеру принциптері туралы дағдыларды қалыптастыру. Хирургиялық стоматологиялық аурулардың рентгеносемиотикасы. Ауыз қуысына операция алдындағы араласулар. Ауырсынуды емдеу әдістері. Ауыз қуысын протездеуге дайындаудың хирургиялық әдістері. Пародонт ауруларын емдеудің хирургиялық әдістері. Төтенше жағдайлар. Қателер мен асқынулар. Науқаспен қарым-қатынас жасау дағдылары. Медициналық қызмет көрсету үдерістерін құжаттауды қамтамасыз ету.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН 1	Хирургиялық стоматологиялық патологиясы бар әр түрлі жастағы науқастарды және жүкті әйелдерді тексеру кезінде білім мен дағдыларды қолданады.		
ОН 2	Хирургиялық стоматологиядағы негізгі және қосымша зерттеу әдістерінің (КТ, КЛКТ, радиовизиограф, ортопантомограмма, зертханалық) деректерін пайдалана отырып, диагностика жүргізуге және диагноз қоюға қабілетті.		
ОН 3	Әр түрлі жастағы науқастарда және жүкті әйелдерде амбулаториялық хирургиялық манипуляциялар жүргізу кезінде жалпы және жергілікті анестезия әдістерін қолдану дағдыларын көрсетеді.		
ОН 4	Тістердің әртүрлі топтарын алып тастау және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізу және барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету бойынша практикалық дағдыларды меңгерген.		
ОН 5	Стационарды және емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру қағидаттары бойынша дағдылар мен клиникалық білімді көрсетеді		
5.1	Пәннің ОН	Пәннің оқыту нәтижелерімен байланысты, БББ оқыту нәтижелері	
	ОН1, ОН3	ОН2 Жүкті әйелдерде стоматологиялық аурулардың ерекшеліктерін білуді көрсетеді.	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	17 беттің 2 беті

	ОН4		ОН3 Барлық жастағы пациенттерге алғашқы көмек және реанимациялық көмек көрсетуді қоса алғанда, шұғыл медициналық көмек көрсетеді.				
	ОН5		ОН5 Медициналық этика және деонтология принциптерін сақтайды, әріптестерімен, медбикелермен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен үш тілде қарым-қатынаста дәрігерлік қызметтің этикалық-деонтологиялық аспектілерін және әртүрлі жастағы пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық наным әдістерін іске асыруға дайын.				
	ОН2		ОН6 Стоматологиялық қызметті диагностикалау, емдеу және ұйымдастыруда сандық технологияларды қолданады.				
	ОН5		ОН7 Өзінің кәсіби қызметінде менеджмент пен маркетингтің қазіргі заманғы технологияларын пайдаланады, өз жұмысының сапасы мен тиімділігін талдауды жүзеге асырады. Стоматологиялық қызметті ұйымдастыру бойынша кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді. МӘМС жағдайында жұмыс істей алады.				
6.	Пән туралы толық ақпарат:						
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория):Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, "Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы "кафедрасы. Әл-Фараби алаңы, № 2 корпус, I-қабат. Электронды почта: a.shukparov@skma.kz						
6.2	Сағат саны	Дәрістер	Тәжірибелік сабақ	Зертханалық сабақ	БООЖ	БӨЖ	
		15	35	-	15	85	
7.	Оқытушылар туралы мәлімет:						
№	Аты-жөні	Дәрежесі мен лауазымы	Электронды почтасы	Ғылыми қызығушылықтары	Жетістіктері		
1.	Ширынбек И	PhD, доктор, ассистент	shirynbek@mail.ru				
2.	Бариева М.К.	ассистент	a.shukparov@skma.kz				
3.	Тағай Г.Т.	ассистент	a.shukparov@skma.kz				
4.	Шамаханова З.И.	ассистент	a.shukparov@skma.kz				
8.	Тақырыптық жоспар:						
Апта/күні	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Түрі/әдістері/оқыту технологиялары	Бағалау түрлері/әдістері	
1	Дәріс. Хирургиялық стоматология пәні мен мазмұны. Отандық хирургиялық стоматологияның даму тарихы. Даму кезеңдері. Хирургиялық	Жақ-бет хирургиясы стоматология саласының дамуының жетекшісі ретінде. Жақ-бет хирургиясының негізгі даму кезеңдері. Жақ-бет хирургиясының дамуына	ОН1	2	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 3 беті

	стоматологиялық көмекті ұйымдастыру. Стоматологиялық емхананың хирургиялық бөлімшесін (кабинетін) ұйымдастыру.	үлкен үлес қосқан тарихи тұлғалар.				
	Тәжірибелік сабақ. Хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру. Стоматологиялық емхананың хирургиялық бөлімшесін (кабинетін) ұйымдастыру.	Халыққа хирургиялық стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Хирургиялық стоматологиялық көмек көрсетудің бірінші, екінші және үшінші деңгейі.	ОН1 ОН2	3	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БӨӨЖ/БӨЖ, Стоматологиялық кабинетті жабдықтау, материалдар мен құралдар	Қалаларда және ауылдық жерлерде халыққа хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру принциптері. Стоматологиядағы профилактикалық бағыт.	ОН1 ОН3	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы
2	Дәріс. Хирургиялық тәжірибеде науқасты тексеру принциптері. Хирургиялық стоматологиядағы деонтология және медициналық этика принциптері	Шағымдарын сұрастыру, қарап тексеру, негізгі және қосымша зерттеу әдістері. Аллергоанамнез хирургиялық стоматологиядағы деонтология және медициналық этика принциптері.	ОН1 ОН2 ОН3	2	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық құжаттама, стоматологиялық емхананың хирургиялық бөлімшесінде (кабинетінде) жұмысты есепке алу және талдау. Хирургиялық стоматологиялық араласулардағы асептика және антисептика.	Стоматологиялық емхананың хирургиялық бөлімшесінде (кабинетінде) медициналық құжаттама, жұмысты есепке алу және талдау. Хирургиялық стоматологиялық араласулардағы асептика және антисептика. Амбулаторлық картаны толтыру	ОН1 ОН2	3	Тақырыпты талқылау, жағдаяттық есеп шешу Тәжірибелік жұмыс орындау шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау, жағдаяттық есепті тексеру Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БӨӨЖ/БӨЖ Стоматологиялық науқастың анамнезін жинау, науқас тарихын толтыру	Шағымдарын сұрастыру, қарап тексеру, Негізгі және қосымша зерттеу әдістері. Аллергоанамнез	ОН2 ОН3	2/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 4 беті

3	Дәріс. Хирургиялық емдеуге жататын негізгі стоматологиялық аурулардың семиологиясы (симптоматологиясы).	Периодонт аурулары, жақ-бет аймағының қабыну аурулары, жақ-бет аймағы жарақаттары, күйік аурулары, деформациялары, сілекей бездерінің аурулары, жақ-бет аймағындағы ісіктер.	ОН2 ОН3 ОН5	2	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Хирургиялық стоматологиялық науқасты тексеру. Бақыланып күтілетін науқастардың жергілікті жағдайының сипаттамасы.	Сауалнама, тексеру, Негізгі және қосымша зерттеу әдістері. Аллергоанамнез	ОН2 ОН3	3	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БООЖ/БӨЖ Науқастың психоэмоционалдық жағдайын бағалау.	Әртүрлі психо-эмоционалдық жағдайларға ие пациенттерді қабылдауда дәрігердің ерекше әрекеті	ОН2 ОН3	2/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы
4	Дәріс. Стоматологиядағы заманауи цифрлық диагностикалық технологиялар. Хирургиялық стоматологиялық аурулардың рентгендік семиотикасы	Радиовизиограф, компьютерлік томография. Хирургиялық стоматологиялық аурулардың рентгенсемиотикасы. Рентген суреттерді оқу және талқылау	ОН2 ОН3 ОН5	1	Шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Рентгенограммаларды оқу. Балалар мен ересектердегі ауыз қуысы мен жақ-бет аймағы ағзаларын зерттеудің клиникалық және функционалдық әдістерінің әртүрлі түрлері	Компьютерлік томография. Хирургиялық стоматологиялық аурулардың рентгенсемиотикасы.	ОН2 ОН3 ОН5	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БООЖ/БӨЖ Хирургиялық стоматологиядағы қосымша зерттеу әдістері.	Зертханалық зерттеу әдістері. Жағынды, биопсия.	ОН2 ОН3 ОН5	2/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 5 беті

5	Дәріс. Жақ-бет аймағындағы хирургиялық араласулардың ерекшеліктері. Хирургиялық стоматологиялық аурулардың алдын алу.	Хирургиялық стоматологиялық аурулардың алдын алу әдістері. Бастапқы, екіншілік және үшіншілік профилактикалық шаралар.	ОН2 ОН3 ОН4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Жақ бет аймағында және ауыз қуысында операция жасағанда асептика және антисептика талаптарын сақтау. ЖИТС (СПИД) және В гепатиті аурулардың алдын алу.	АИТВ инфекциясының, вирустық гепатиттің алдын алу. Хирургтың қолын операцияға дайындау Қол жуу тәртібін көрсету	ОН2 ОН3 ОН5	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БӨӨЖ/БӨЖ Тақырып Хирургиялық стоматологиялық құралдарды зарарсыздандыру және залалсыздандыру әдістері.	Құрал-саймандар мен таңу материалдарын, тігістерге арналған материалдарды (жібек, кетгут, синтетикалық материалдардан жасалған жіптер) стерильдеу.	ОН2 ОН3 ОН5	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе, чек-парағы
6	Дәріс. Хирургиялық стоматологиядағы жансыздандыру. Жергілікті анестезияның түрлері. Премедикация.	Анестезия. Аппликациялық, инфильтрациялық және өткізгіш анестезия. Премедикация	ОН2 ОН3 ОН5 ОН4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Ілеспе аурулары бар және егде жастағы адамдарға жасалатын анестезияның ерекшеліктері Анестезияны таңдау және науқасты араласуға дайындау	- Гипертония - Қант диабеті - Жүкті әйелдер - Қан аурулары - Және басқа жүйелік бұзылулары сынды ілеспе аурулары бар және егде жастағы адамдарға жасалатын анестезияның ерекшеліктері	ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БӨӨЖ/БӨЖ Жергілікті анестетиктер және жергілікті жансыздандыру үшін қолданылатын дәрілік заттар . Науқастарға әсер ету механизмі.	Қолдануға көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдері	ОН2 ОН3 ОН4	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 6 беті

7	Дәріс. Жоғарғы және төменгі жақтарда хирургиялық араласу кезінде жасалатын жергілікті жансыздандыру . Жоғарғы және төменгі жақтарда ауыздан тыс жасалатын өткізгіштің анестезияның әдістері	Аппликациялық, интралигаменттік, инфильтрациялық және өткізгіш анестезия.	ОН2 ОН3О Н4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Жоғарғы жаққа операциялық араласу кезіндегі анестезия	Жоғарғы жаққа жасалатын инфильтрациялық анестезияның ерекшеліктері. Тубералды және күрек тісті өткізгіш анестезия. Инфраорбитальды анестезия .Тубералды және күрек тістік анестезияны муляжда жасап көрсету.	ОН2 ОН3О Н4	3	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмысты орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БООЖ/БӨЖ Аралық бақылау № 1			1/7	Жазбаша	жазбаша жауаптарды бағалау
8	Дәріс. Жергілікті жансыздандыру кезіндегі жергілікті асқынулар Жергілікті жансыздандыру кезінде жалпы асқынулар. Себептері. Диагностикасы, емдеу. Асқынулардың алдын алу.	Иненің сынуы, инъекция кезінде ауырсыну немесе күйдіру сезімі, парестезия (қалдық анестезия). Тризм Гематома. Инфекциялық зақымдануы. Ісіну, тіндердің некрозы және жұмсақ тіндердің зақымдануы. Бет нервінің уақытша парезі	ОН2 ОН3 ОН4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Төменгі жақ сүйегіне операция жасау кезіндегі жансыздандыру.	Инфильтрациялық, мандибулярлы және торусальды, менталды өткізгіштік анестезия. Муляжда менталдық және мандибулярдық анестезияны орындау	ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыпты талқылау, жағдаяттық есеп шығару Тәжірибелік жұмысты орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау, жағдаяттық есепті тексеру Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БООЖ/БӨЖ Төменгі жақта өткізгіштік анестезияны жүргізу техникасы.	Анестетикті енгізу алгоритмі.	ОН2 ОН3О Н4	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 7 беті

9	Дәріс. Жоғарғы және төменгі жақтың анатомиясы. Жоғарғы және төменгі жақтың тістердің анатомиясы Жалпы жансыздандыру. Жақ бет аймағында және ауыз қуысында операциялар кезіндегі жалпы жансыздандырудың көрсеткіштері мен ерекшеліктері..	Жалпы жансыздандыру. түрлері, ерекшеліктері, төменгі жақтың анатомиясы, жоғарғы жақтың анатомиясы және анатомиялық ерекшелікте рі	ОН2 ОН3 ОН4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Жоғарғы және төменгі жақтың анатомиясы. Жоғарғы және төменгі жақтың тістердің анатомиясы	Жоғарғы және төменгі жақтардың альвеолярлы өсіндісінің құрылысының ерекшеліктері	ОН2 ОН3	4	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БООЖ/БӨЖ, Амбулаторлық стоматологиялық тәжірибеде жергілікті жансыздандыру қазіргі заманғы технологиялары	Амбулаторлық стоматологиялық тәжірибедегі жергілікті жансыздандыру әдістері мен құралдары	ОН2 ОН3 ОН4	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы
10	Дәріс. Жақ бет аймағында және ауыз қуысында жасалатын операциялардың ерекшеліктері. Тісті жұлуды операциясы. Көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Тісті жұлғаннан кейін жараның жазылуы.	Бетке және ауыз қуысына жасалатын операциялардың ерекшеліктері. Тісті жұлуды операциясы. Көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштер. Тісті жұлғаннан кейін жараның жазылуы.	ОН2 ОН3 Н4	1	шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Жоғарғы жақтың тістері мен түбірлерін жұлуды техникасы. Жұлуды үшін қолданылатын құралдар.	Жоғарғы жақтағы тістер мен түбірлерді жұлуды техникасы мен алгоритмі. Муляжда жоғарғы жақтың тістерін жұлуды дағдыларын көрсету	ОН2 ОН3 Н4	4	Тақырыпты талқылау Тәжірибелік жұмыс орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау тәжірибелік жұмысты бағалау
	БООЖ/БӨЖ Тісті жұлуды кезінде туындайтын асқынулар. Диагностика, емдеу.	-Тіс жұлуды барысында тістің түбірінің, сауытының сынуы.	ОН2 ОН3 Н4	1/7	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 8 беті

	Алдын алу.	- көрші тістің сынуы және толық емес немесе толықтай шығып кетуі. - тіс түбірін жұмсақ тіндерге итеру. - қызыл иектің және жұмсақ тіндердің зақымдануы.				
11		Тістерді және олардың түбірлерін кешенді жұлу техникасы.Аспаптар. Тісті жұлу кезінде және одан кейін пайда болатын асқынулар. Диагностика, емдеу. Алдын алу.	ОН2 ОН3О Н4		шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Төменгі жақтың тістері мен түбірлерін жұлу техникасы. Құралдар.	Төменгі жақтағы тістері мен түбірлерін жұлу техникасы мен алгоритмі.	ОН2 ОН3О Н4	4	Тақырыпты талқылау	Ауызша сұрау
	БООЖ/БӨЖ Тісті жұлғаннан кейінгі асқынулар. Диагностика, емдеу. Алдын алу.	- Альвеолит. - Ұяшықтан қан кету - Тіс ұяшығының шектеулі остеомиелиті - ұяшықтық нервтерінің невropатиясы. - Альвеоланың өткір жиектері.	ОН2 ОН3О Н4 ОН5	1/8	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу	Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы
12		Созылмалы аурулары бар адамдарда тіс жұлу ерекшеліктері - Гипертония - Қант диабеті - Жүкті - Қан аурулары - Және басқа да жүйелі бұзылыстар.	ОН2 ОН3О Н4		шолу	кері байланыс (блиц-сауалнама)
	Тәжірибелік сабақ. Тісті жұлғаннан кейін жараны емдеу, кейіннен оны күту. Емдеу ерекшеліктері мен кезеңдері.	Антисептиктер, тігу, қан кетуді тоқтату, Науқасқа ұсыныстар мен тағайындаулар. Жараны тігу тәсілдерін көрсету	ОН2 ОН3 ОН4	4	Тақырыпты талқылау, тестілеу Тәжірибелік жұмыс орындау, шағын топтарда жұмыс жасау	Ауызша сұрау, тест нәтижесін бақылау Тәжірибелік жұмысты бағалау
	БООЖ/БӨЖ Аралық бақылау №2		ОН2 ОН3 ОН4	1/7	Жазбаша	жазбаша жауаптарды бағалау
	Аралық сынақты өткізу жіне дайындалу			15		
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері					

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 9 беті

9.1	Дәріс	Шолу, кері байланыс (блиц-сауалнама)
9.2	Тәжірибелік сабақ	Тақырыпты талқылау, жағдаяттық есеп шығару, тәжірибелік жұмыс жасау, шағын топтарда жұмыс жасау, тестілеу. Ауызша сұрау, тест нәтижесін бағалау, тәжірибелік жұмысты бағалау, жағдаяттық есепті бағалау
9.3	СӨЖ/ СОӨЖ	Презентацияны жасау және қорғау, эссе жазу, Презентацияны бағалау, эссе чек-парағы
9.4	Аралық бақылау	Жазбаша, жазбаша жауаптарды бағалау

10.1	Пәнінің оқыту нәтижелерінің бағалау критерийлері	
------	--	--

№	Пәннің ОН	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Хирургиялық стоматологиялық патологиясы бар әр түрлі жастағы науқастарды және жүкті әйелдерді тексеру кезінде білім мен дағдыларды қолданады.	1) пациентті сұрау кезінде сұрақтар қоя алмайды, шектеледі. 2) тексеру жүргізе алмайды. 3) қажетті қосымша зерттеуді анықтай алмайды.	1) пациентке сауалнама жүргізу кезінде сұрақтарды таңдау қиынға соғады. 2) кезектілікпен шатастыра отырып, тексеру жүргізеді. 3) ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты қажетті қосымша зерттеуді анықтай алмайды.	1) пациентке сауалнама жүргізеді, сұрақтарды автоматты түрде қояды, мейірімді. 2) сыртқы және аспаптық тексеру жүргізеді. 3) оқытушының көмегімен жиналған ақпарат негізінде қажетті қосымша зерттеуді анықтай алады.	1) пациентке сауалнама жүргізеді, жетекші сұрақтар қояды, мейірімді. 2) сыртқы және аспаптық тексеруді мұқият және дәйекті жүргізеді. 3) жиналған ақпарат негізінде қажетті қосымша зерттеуді анықтай алады.
ОН 2	Хирургиялық стоматологиядағы негізгі және қосымша зерттеу әдістерінің (КТ, КЛКТ, радиовизиограф, ортопантомограмма, зертханалық) деректерін пайдалана отырып, диагностика жүргізуге және диагноз қоюға қабілетті.	1) Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерінің деректерін жинау және түсіндіру қиынға соғады. 2) Диагноз қоя алмайды.	1) Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерінің деректерін жинау және түсіндіру қиынға соғады 2) Мұғалімнің көмегімен диагноз қояды	1) Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерінің деректерін пайдаланады 2) Қателіктермен диагноз қояды, өзін түзетеді.	1) Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерінің деректерін пайдалана отырып, диагностика жүргізуге қабілетті. 2) Диагноз қоюға қабілетті.
ОН 3	Әр түрлі жастағы науқастарда және жүкті әйелдерде амбулаториялық хирургиялық манипуляциялар жүргізу кезінде жалпы және жергілікті	1) Ауырсынуды басатын әдістерді қолданудың хаттамаларын, көрсеткіштерін және қарсы көрсетілімдерін білмейді. 2) Анальгезия әдістерін қолданбайды, амбулаториялық	1) Анальгезия әдістерін қолдануға хаттамаларды, көрсеткіштерді және қарсы көрсеткіштерді шатастырып сипаттайды. 2) Оқытушының көмегімен	1) Анальгезия әдістерді қолданудың хаттамаларын, көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін біледі. 2) Амбулаториялық хирургиялық	1) Анальгезия әдістерін қолданудың хаттамаларын, көрсеткіштері мен қарсы көрсетілімдерін біледі. 2) Әр түрлі жастағы науқастарда және

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 10 беті

	анестезия әдістерін қолдану дағдыларын көрсетеді.	хирургиялық манипуляцияларды жүргізу кезінде	амбулаториялық хирургиялық манипуляцияларды жүргізу кезінде ауырсынуды басатын әдістерді қолданады.	айла-шарғы жасау кезінде анальгезия әдістерін сенімсіз қолданады	жүкті әйелдерде амбулаториялық хирургиялық манипуляциялар жүргізу кезінде анальгезия әдістерін саралап қолданады.
ОН 4	Тістердің әртүрлі топтарын алып тастау және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізу және барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету бойынша практикалық дағдыларды меңгерген.	1) Тістердің әртүрлі топтарын алып тастаудың және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізудің практикалық дағдыларын білмейді. 2) Барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету әдістерін көрсете алмайды.	1) Тістердің әртүрлі топтарын алып тастау бойынша манипуляциялар жүргізуде және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізуде қиындықтарға тап болады. 2) Барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету әдістерін көрсету кезінде қателіктер жібереді.	1) Тістердің әртүрлі топтарын алып тастаудың және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізудің практикалық дағдыларын меңгерген. 2) Барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету әдістерін көрсетеді.	1) Тістердің әртүрлі топтарын алып тастаудың және ауыз қуысында амбулаториялық операциялар жүргізудің практикалық дағдыларын сенімді меңгерген. 2) Барлық жастағы топтардағы пациенттерге шұғыл көмек көрсету әдістерін сенімді түрде көрсетеді.
ОН 5	Науқастар мен стационарды емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру қағидаттары бойынша дағдылар мен клиникалық білімді көрсетеді, әріптестерімен тиімді қарым-қатынас жасайды және дәрігерлер тобында жұмыс істей алады.	1) Науқастарды және стационарды емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыруда дағдыларды білмейді және қолданбайды, 2) Әріптестерімен қарым-қатынас жасамайды және дәрігерлер тобында жұмыс істей алмайды.	1) Науқастарды және стационарды емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру қағидаттары бойынша дағдылар мен білімді қолдану қиынға соғады, 2) Әріптестерімен әрең қарым-қатынас жасайды және дәрігерлер тобында жұмыс істей алмайды.	1) Науқастарды және стационарды емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру қағидаттары бойынша дағдылар мен клиникалық білімді көрсетеді, 2) Әріптестерімен қарым-қатынас жасайды және дәрігерлер тобында жұмыс істей алады.	1) Науқастарды және стационарды емханалық қабылдау жағдайында хирургиялық стоматологиялық көмекті ұйымдастыру қағидаттары бойынша дағдылар мен клиникалық білімді сенімді түрде көрсетеді, 2) Әріптестерімен жұмыста көшбасшылық қасиеттерді белсенді коммуникациялайды және көрсетеді.

10.2	Бағалау критерийлері			
	Әріптік жүйемен	Балл жиынтығы	Пайызбен	Дәстүрлі баға
	А	4,0	95-100	Өте жақсы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 11 беті

A -	3,67	90-94	Жақсы
B +	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Эссені бағалау парағы

Студенттің ТАЖ _____

Группасы _____

№ п/п	Бағалау критерийлері	Деңгейі				Қабылд анбайды
		Тама ша	Өте жақсы	Жақ сы	Түзетуді қажет етеді	
1.	Берілген тақырыпқа сәйкестігі	20	20	15	10	0
2	Нақты материалға сүйене отырып, өзінің көзқарасын көрсетті және дәлелдеді	20	15	15	10	0
3	Материалды қысқаша, анық және айқын көрсетті	20	20	15	10	0
4	Схема элементтері арасындағы өзара байланысты құра білу	20	15	15	10	0
5.	Академиялық жазу мәдениетін көрсетті	20	15	15	10	0
	Барлығы :	100	85	75	50	0

Студентті Ауызша /жазбаша/ сұрауды бағалау парағы

Студенттің ТАЖ _____

тобы _____

№ п / п	Бағалау белгілері	Деңгейі				
		Тама ша	Өте жақ сы	Жақ сы	Түзетуді қажет етеді	Жауап жоқ
1.	Тақырыпты түсіну деңгейі	20	17	15	10	0
2.	Логикалық ойлау және негізделген қорытынды шығару деңгейі	20	17	15	10	0
3.	Айтылатын материалдың қойылған сұраққа сәйкестігі	10	8,5	7,5	5	0
4.	Жауапта барлық қажетті теориялық фактілердің болуы	20	17	15	10	0
5.	Жауапты дұрыс жинақталған мысалдар-мен иллюстрациялау	10	8,5	7,5	5	0

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	17 беттің 12 беті

6.	Профессионалды терминологияны қолдана білу	10	8,5	7,5	5	0
7.	Жалпы сөйлеу/жазу мәдениетін көрсетті	10	8,5	7,5	5	0

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Презентацияны жасау және қорғау	Өте жақсы A (4,0;95-100%) A-(3,67;90-94%)	Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты терең меңгергендігін көрсете білсе және барлық сұрақтарға нақты жауап берсе қойылады.
	Жақсы B+(3,33;85-89%) B-(2,67; 75-79%) C+(2,33;70-74%)	Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты жақсы меңгергендігін көрсете білсе және сұрақтарға жауап беру кезінде болмашы қателіктер орын алған жағдайда қойылады
	Қанағаттанарлық C (2,0;65-69%) C-(1,67;60-64%) D+(1,33;55-59%) D(1,0; 50-54%)	Білім алушы 5-тен кем әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 мазмұны мәнсіз слайдтармен қамтылған, нақты дайындалмаған жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында ұсынған тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттері жеткіліксіз болса, тақырып бойынша сұрақтарға сенімсіз жауап беріп, өрескел қателіктерге жол қойған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	Білім алушы тақырып бойынша презентацияны белгіленген уақытта дайындамаған немесе оны белгіленген уақытта дайындағанмен дәл емес, көлемі 20-дан аз мәнсіз слайдтан , әдеби дереккөздерді көрсетілмеген, жоспары жоқ, ал сұрақтарға жауап беру кезінде өрескел қателіктер жіберген немесе сұрақтарға жауап бере алмаған және рефератты қорғай алмаған жағдайда қойылады.

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
-----------------	------	----------------------

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 13 беті

Ауызша сұрау	Өте жақсы А (4,0;95-100%) А-(3,67;90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алып, оларға сыни баға бере алса, сонымен қатар басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып қателіксіз жауап берсе қойылады
	Жақсы В+(3,33;85-89%) В-(2,67; 75-79%) С+(2,33;70-74%)	Жауап беру барысында білім алушы өрескел қателіктер жібермеген болса,бірақ жауап беру кезінде жіберген сәйкессіздікті немесе аса маңызды емес қателіктерді өз күшімен түзете алып, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алса қойылады
	Қанағаттанарлық С (2,0;65-69%) С-(1,67;60-64%) Д+(1,33;55-59%) Д(1,0; 50-54%)	Жауап беру кезінде білім алушы түбегейлі қателіктер жіберсе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектеліп, материалды жүйелеуді орасан қиыншылықпен орындаған болса қойылады
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	Жауап беру кезінде білім алушы өрескел қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істемеген болса, гистология мен физиология бойынша ғылыми терминологияны дұрыс қолдана алмаған жағдайда қойылады.

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тесттік тапсырмаларды орындау	Өте жақсы А (4,0;95-100%) А-(3,67;90-94%)	90-100 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Жақсы В+(3,33;85-89%) В-(2,67; 75-79%) С+(2,33;70-74%)	75-89 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлық С (2,0;65-69%) С-(1,67;60-64%) Д+(1,33;55-59%) Д(1,0; 50-54%)	50-74% тест тапсырмаларын дұрыс орындаса
	Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	50% -дан төмен тест тапсырмаларын дұрыс орындаса

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Жағдаяттық есептерді шешу	Өте жақсы 95-100 балл 90-94 балл	Білім алушы жағдаяттық есепті шешуде қателіктер жібермеді, оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алды, пәнаралық байланысты пайдаланды. Ғылыми терминологияны пайдаланды. Ол аурудың негізгі белгілерін анықтады, диагноздың критерийлері

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	17 беттің 14 беті

		мен қосымша әдістерін дұрыс көрсетті, жағдаяттық есеп деректері мен қосымша зерттеу деректерін дұрыс түсіндірді.
Жақсы 85-89 балл 80-84 балл 75-79 балл 70-74 балл		Білім алушы жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жібермеді, бірақ кемшіліктермен принципиалды емес қателіктерге жол қойды және оларды өз күшімен түзете алды. мұғалімнің көмегімен жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін жіктеуге, түсіндіруге қол жеткізді..
Қанағаттанарлық 65-69 балл 60-64 балл 50-54 балл		Жағдаяттық есепті шешу барысында білім алушы түбегейлі қателіктер жіберді, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектелді, жағдаяттық есептің мәліметтерін және қосымша зерттеу әдістерін талдауда үлкен қиындықтарға тап болды.
Қанағаттанарлықсыз 0-49 балл		Білім алушы жағдаяттық есепті шешу барысында өрескел қателіктер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді пысықтамаған, ғылыми терминологияны пайдалана алмады. Жағдаяттық есепті мұғалімнің көмегімен шеше алмады.

Бақылау формасы	Баға	Бағалау критерийлері
Практикалық жұмысты орындау	Өте жақсы А (4,0;95-100%) А-(3,67;90-94%)	жұмыс орны манипуляцияларды орындауға дайындық үшін барлық талаптарға сәйкес жабдықталған; практикалық әрекеттер манипуляцияларды орындау алгоритміне сәйкес ретімен орындалады; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт шегі сақталады; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес тазаланады; барлық әрекеттер негізделген.
	Жақсы В+(3,33;85-89%) В-(2,67; 75-79%) С+(2,33;70-74%)	практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толығымен дербес жабдықталмаған; практикалық іс-әрекеттер дәйекті, бірақ сенімсіз орындалады; емделушімен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт регламенті сақталмайды; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес жиналады; барлық іс-әрекеттер оқытушының нақтылау сұрақтарымен негізделеді;
	Қанағаттанарлық С (2,0;65-69%) С-(1,67;60-64%) Д+(1,33;55-59%) Д(1,0; 50-54%)	практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толық жабдықталмаған; оларды орындау дәйектілігі бұзылған; іс-әрекеттер белгісіз, іс-әрекеттерді негіздеу үшін оқытушының жетекші және қосымша сұрақтары мен түсініктемелері қажет; пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	17 беттің 15 беті

			сақталады; жұмыс орны санитариялық-эпидемиялық режим талаптарына сәйкес тазартылады;
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	жұмыс орнын дайындауға тосқауылдар орын алған, практикалық манипуляцияларды өз бетінше орындай алмау; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігін бұзатын әрекеттер жасалады, санитариялық-эпидемиялық режимнің, аппаратурамен, пайдаланылатын құрал-саймандармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары бұзылады.

11. Оқу ресурстары

Әдебиет

Негізгі:

1. Челюстно-лицевая хирургия [Текст] : учебник / под ред. А.Ю. Дробышева, О.О. Янушевича. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 880 с
2. Хирургическая стоматология [Текст] : учебник / под ред. В.В. Афанасьева. - 3-е изд., перераб. . - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2019. –
3. Хирургия полости рта [Текст] : учебник / под ред. Э. А. Базикияна. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2019. -
4. Сағындық Х.Л. Воспалительные заболевания тканей челюстно-лицевой области и шеи : учебное пособие / Х. Л. Сағындық, А. М. Суманова, З. А. Пайзиева. - Караганда : Medet Group, 2021. **Қосымша:** Дуйсеева, Г. Ш. Современные аспекты боли и местного обезболивания в стоматологии [Текст] : учебник / Г.Ш.Дуйсеева, С.Р.Рузуддинов. - Алма-Ата : New book, 2019.
2. Особенности дезинфекции и стерилизации в стоматологии [Текст] : учебное пособие / под ред. Э. А. Базикияна. - ; Мин. образования и науки РФ. Рекомендовано ГБОУ ДПО "Российская мед. акад. последипломного образования" Минздрава России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Есім Ә.Ж., Ермуханова Г.Т. Детская челюстно-лицевая хирургия. (Руководство). Акнұр – 2018
4. Толеуова, А. С. Диагностика суставного синдрома в практике стоматолога [Текст] : учеб.-методическое пособие / А. С. Толуова, Д. Ж. Тайжанова ; М-во здравоохранения РК; КарГМУ. - Алматы : Эверо, 2014.

Электронды деректер базалары

№	Атауы	Сілтеме
1	Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана	http://rmebrk.kz/
2	Консультант студента	http://www.studmedlib.ru/
3	Открытый университет Казахстана	https://openu.kz/kz
4	«Заң» нормативтік-құқықтық актілер базасы	https://zan.kz/ru
5	«Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі	https://online.zakon.kz/Medicine/
6	Научная электронная библиотека	https://elibrary.ru/
7	Ашық кітапхана	https:// kitap.kz/
8	Thomson Reuters	www.webofknowledge.com
9	ScienceDirect	http://www.sciencedirect.com/
10	«Aknurpress» сандық кітапхана	https://aknurpress.kz/login
11	Scopus	https://www.scopus.com/

12. Пәннің саясаты

Пәнді меңгеру үшін қойылатын талаптар:

1. Себепсіз сабақтан қалмау;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	17 беттің 16 беті

2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабаққа формамен келу;
4. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
5. Сабаққа дайындалып келу;
6. Білім алушының өзіндік жұмыстарын уақытылы кесте бойынша тапсыру;
7. Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
8. Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
9. Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
10. Білім алушылардың білімдерін аралық бақылау бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес теориялық оқытудың 7/14 апталарында жүргізіледі, аралық бақылау қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәріске қатыспағаны үшін айып балын ескере отырып қойылады (дәріске қатыспаған жағдайда айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). Дәрістің бір сабағына қатыспаған жағдайда 1,0 балл айып балы алынады. Себепсіз аралық бақылауға қатыспаған білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысының мәліметі бақылау аптасының соңында деканатқа өткізіледі.
11. БӨЖ бағасы кестеге сәйкес сабақ барысында оқу үлгерім журналына және электронды журналға БӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып балы ескеріле отырып қойылады. БӨЖ-дің бір сабағына қатыспаған жағдайда айып балы 2,0 балды құрайды.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Пән бойынша баға қою саясаты

Білім алушының курс аяқталғаннан кейінгі **қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ)** қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады.

$$ҚБ = РБР + ҚББ$$

Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: **ағымдағы бақылауды бағалау (АББ)** және **межелік бақылауды бағалау (МББ).**

Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді.

Межелік бақылауды бағалау (МББ) екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді.

Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі:

$$РБР_{орт} * 0,2 + АББ_{орт} * 0,4$$

Қорытынды бақылау (ҚБ) тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады.

Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.

Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды.

$$90 \times 0,4 = 36 \text{ балл.}$$

Қорытынды баға, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі.

Қорытынды баға (100 балл) = РБР орт * 0,2 + МББ орт * 0,4 + ҚБ * 0,4 бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБ орт) үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Айыпшұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады

O'NTUSTIK QAZAQSTAN

MEDISINA
AKADEMIASY

«O'ntustik Qazaqstan medicina akademiasy» AQ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы

«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы

044-45/11

17 беттің 17 беті

14.	Бекіту және қайта қарау		
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама	Кафедра меңгерушісі	Қолы
« 06 » 06 2023 г	№ 11	Иуспаров А.Б	
ББК мақұлданған күні	Хаттама	ББК төрағасы:	Қолы
« 15 » 06 2023 г	№ 11	Жембаева Л.О.	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 18 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы		044-45/11
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы		17 беттің 19 беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы	044-45/11 17 беттің 20 беті
«Ауыз қуысының хирургиясы -1» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы	